

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 21 шілдедегі № 9 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 шілдеде № 3975 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 6 шешімімен

Ескерту. Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округінің әкімінің 15.05.2015 № 6 шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2014 жылғы 2 шілдедегі шығыс № ВО 3-4/161 ұсынысы негізінде, Қараой ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қараой ауылдық округінің Құбасай елді мекенінде ауыл шаруашылығы жануарлары арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қараой ауылдық округінің әкімі

С.Жуманғалиев